1	Ежелгі және орта ғасыр тарихы
2	Алғашқы қоғам тарихы
3	Ежелгі және орта ғасырдағы Қазақстан тарихы
4	Археология
5	Этнология
6	Теориялық деректану

#### **Постреквизиттер:**

1	Жаңа және қазіргі заманғы Азия, Африка халықтарының тарихы
2	Жаңа және қазіргі заманғы Еуропа, Америка халықтарының тарихы
3	Жаңа және қазіргі заманғы Қазақстан тарихы
4	Тарихнама және деректану
5	Шығыс пен Батыстың жаңа және қазіргі заман тарихы

#### **Тақырыптардың тематикалық жоспары**

1	Кіріспе. Прототүріктер: хунну (сюнну, гундар) тарихы.
2	Ерте ортағасырлық түркі мемлекеттері.
3	Екінші Шығыс түрік қағанаты
4	Оғыз және Қарахандар мемлекеті
5	Хазар және Қимақ қағанаттары. Қыпшақ тайпаларының конфедерациясы
6	Түркі халықтары Монғол империясының қол астында.
7	Алтын Орда мен Моғолстанның ыдырауы
8	Ежелгі және орта ғасырлардағы Түркияның тарихы .Осман империясы
9	Қырым, Қазан және Астрахань хандықтары.
10	XV-XX ғасырлардағы Өзбектер.
11	XV-XX ғасырлардағы Қазақтар.
12	XV-XX ғасырлардағы Әзірбайжандар.
13	XV-XVII ғасырлардағы Ноғай Ордасы.
14	XV-XX ғасырлардағы Қырғыздар мен ұйғырлар.
15	Жаңа тәуелсіз түркі мемлекеттері

**Алғы сөз**



Жер жүзінде 70-тей дерлік халық пен жұрт - жалпы саны 201 млн. асатын түркі тілді этностар мен ұлттардың тарихы толыққанды тарих пәндерінің бірі ретінде оқытылуға әлдеқашан-ақ лайық еді. Көшпелі және отырықшы түркі халықтарының бүгінгі таңда әлемдік өркениет пен мәдениетке теңдесі жоқ үлес қосып отырғандығын жоққа шығаруға болмайды. Сонымен қатар түркі халықтарының тарихын жүйелі және дәйектілікпен оқып білмей тарих білімін терең меңгеру мүмкін емес. Екінші жағынан, Отандық тарихты толыққанды, терең оқып-үйрену, қазақ халқының қалыптасуы XIV-XV ғғ. жүзеге асты деген ғылымда қалыптасқан фактіні көрсету, түркі тайпаларының ерте және орта ортағасырлардағы тарихынан міндетті түрде бастау алуы және соның негізіне сүйенуі тиіс.

Бағдарламаны құрастыру барысында біз материалды баяндауда ішінде түркі халықтарының өмірі өтіп жатқан этно-мәдени, мемлекеттік-саяси құрылымдардың өзіндік сипаты мен ерекшеліктерінің мағыналық мәтініне сай дәстүрлі елтанулық негіз сақталды.

Курстың хронологиялық шеңбері шартты түрде төмендегідей бөлінді:

1. Б.з.д. III ғ. – б.з. VI ғ. Хунну дәуірі.
2. VI-XIII ғғ. Түркі мемлекеттерінің дәуірі.
3. XIII-XV ғғ. Моңғол шапқыншылығы және түркі дүниесі.
4. XV-XVIII ғғ. Жаңа этникалық негізде түркі мемлекеттерінің құрылуы.
5. Жаңа және қазіргі замандағы түркі халықтары.

## 1. Кіріспе лекция

«Түрік» этносы және этнонимі. Түркі этностары және түркі тілдес халықтар. Олардың территориялық орналасуы. Ностратиттік тілдер. Тілдердің алтайлық макросемьясы. Батыс түрік және шығыс түрік тілдері. «Лингвистикалық археология». Қазіргі түркі әлемі.

### Прототүріктер: Хунну тарихы (сюнну, ғұндар)

**Хунндар туралы алғашқы тарихи мағлұматтар.** Олардың қоныстанған территориясы. Қытай тарихи хроникалары - «Ши-цзи», «Хань шу», «Хоухань шу» және басқалары хунндар туралы. Хунну державасының құрылуы, территориясы. Тұман-шаньюй, Мөде-шаньюй, Лаошань-шаньюй. Хунндар және қытай династиясы Хань. Хунндардың қоғамдық-саяси құрылысы, шаруашылығы және мәдениеті, діні, әскери ісі және өнері. Мемлекеттік құрылысы. Жоғары өкіметті мұралану. Б.з.д. II ғ. аяғына таман Хунндар державасының әлсіреуі. Хань қуатының күшеюі. Император Уди Чжан Цянның елшісінің юэчжилерге дипломатиялық миссиясы.

**Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттік құрылымдар: Қаңлылар, үйсіндер. Яньцай (Алания).** Қытайдың батысқа экспансиясы. Ферғананы бағындыру. Бүлік, жұт және б.з.д. I ғ. бірінші жартысында хунндардың жеңілуі. Хунндар державасының шығыс және батыс бөліктерге бөлінуі. Шаньюй Хуханье және Чжичжи. Хуханьенің Хань империясының бодандығын қабылдауы. Қазақстан территориясындағы Хунндар. Алғашқы

толқын – б.з.д. I ғ. екінші жартысы. Шаньюй Чжичжи. Оның өлімі. Хунндар миграциясының екінші толқыны - батысқа, б.з.Іғ. аяғында Орталық Қазақстан территориясына. «Әлсіз» хунндар Шығыс Қазақстанда. Юэбань мемлекеті. Юэбандардың Жетісуға біртіндеп енуі және олардың «Үйсіндердің ежелгі жерлерін» алуы.

**Ғұндар Еуропада.** К.А.Иностранцевтің «ғұндар» деген терминді ғылыми айналымға енгізуі. Хунндар мен ғұндардың этникалық қай құрамға жататындығы, олардың қай нәсілден шыққандығы туралы дискуссиялар. Аммиан Марцеллин, Прииск, Иорданның ғұндар туралы еңбектері. Аттила империясы. Оның қуаттылығы және Аттила өлгеннен кейін құлауы. 451 жылғы Каталаун даласындағы «халықтар шайқасы». Шайқастың нәтижесін бағалаудағы қате түсінік, еуропацентристік бағалау. Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы түркі халықтарының құрылуындағы ғұндардың ролі. Ғұндар Қазақстан территориясында. Олардың ежелгі мемлекет Яньцайды (Алания, Судэ) басып алуы. Қазақ халқының этногенезіндегі хунндардың (ғұндар) ролі. Үйсіндердің этникалық қай құрамға жататындығы және қазақ халқының этногенезіндегі ролі туралы дискуссиялар.

## **2. Ерте орта ғасырлық түркі мемлекеттері**

**Түрік қағанаты.** Түркілердің пайда болуы туралы аңыздар. Олардың мекендеген аймағы. Түріктер жужандардың (аварлар) қол астында. Түрік тайпалық одағының нығаюы. Оғыздарды бағындыру. Түріктердің жужандарды талқандауы және Түрік Әлінің – мемлекетінің, қағанатының құрылуы. Бумын қаған. Мұған-қағанның билігі. Түріктердің Қазақстанды, Орталық Азияны, Солтүстік Кавказды жаулап алуы. Эфталиттермен соғыс, Иранмен одақ. «Эфталиттік мұраны» бөлісу. Қытаймен ара қатынас, олардың түріктердің күші мен қуатын мойындауы, сыйлықтар (алым) төлеу. Түрік қағанатында жоғары биліктің бастапқы кезден бөлінуі. Естеми-жабғының (қаған) батыстағы билігі. Мұған-қаған және Естеми-қаған өлгеннен кейін түрік мемлекетінде жоғары билік үшін күрестің және сепаратизмнің күшеюі. VIIғ. басында Батыс түрік қағанаты және Шығыс түрік қағанатына бөліну. 630 жылы Шығыс түрік қағанатын қытайлардың бағындыруы.

**Батыс түрік қағанаты.** Жегуй-қаған мен Түн-жабғы қаған кезінде мемлекеттің күш-қуатының тасуы. Византиямен одақтастық қатынастар, интенсивті дипломатиялық байланыстар, Иранмен соғыс. Орталықтан тепкіш күштің күшеюі. Мемлекеттік бірлестіктердің пайда болуы: Ұлы Бұлғария, «Он оқ бұдун», Хазар қағанаты. Дулу және нушиби тайпалық одақтарының арасындағы билік үшін күрес. Соғды колонистері Оңтүстік Қазақстанда, соғды көпестерінің, соғды тілінің және жазбасының ролі. Қытай әскерінің Жетісуға баса-көктеп енуі және 659 жылы Батыс түрік қағанатының құлауы.

Мемлекеттік құрылыс. Түрік феодалдық лауазымдары: қаған, жабғы, шад, тегін, эльтебер, тархан. Жоғары билікті мұралану. Түріктердің шаруашылығы, тұрмысы, діні: тәңірілік, манихеймнің таралуы. Ұлы Жібек жолының маңызы, түріктер кезінде оның солтүстік тармағының – Сырдария, Арал теңізінің

солтүстік-батыс жағалауы бойымен, Солтүстік Каспий, Солтүстік Кавказ арқылы Византияға баратын бөлігінің ролінің өсуі.

**Түрік жазба ескерткіштері.** Олардың зерттелу дәрежесі. Вильгельм Томсен, В.В.Радлов, С.Е.Малов, С.Г.Кляшторный. Күлтегіннің, Білге-қағанның, Тоныкөктің құрметіне тұрғызылған ескерткіштердің, соғды тілді Бугут жазбасының тарихи маңызы. Моңғол ғалымы Баярдың Білге-қаған моласындағы қазіргі кездегі жаңа археологиялық ашулары.

### **3. Екінші Шығыс түрік қағанаты.**

Шығыс түріктердің тауғаштар (қытайлар) үстемдігіне қарсы көтерілісі. Құтылықтың басшылығымен жеңіске жету. Түрік мемлекетін қалпына келтіру. Елтеріс (Құтылық)-қаған. Қапаған (Мочжо) қаған, Білге-қаған кезінде екінші Шығыс түрік қағанатының гүлденуі. Түргеш қағанатын бағындыру. Арабтармен соғыс. Білге-қаған өлімінен кейін екінші Шығыс түрік қағанатының әлсіреуі. Түріктердің қол астындағы басмылдар, ұйғырлар және қарлұқтардың көтерілуі. Түріктер билігін құлату.

**Түргеш қағанаты.** VIғ. Аяғында Жетісуда, «Он оқ бұдун» жерінде Түргеш қағанатының құрылуы. Түріктердің Сақал-қағанды талқандауы, оның өлімі, елді түріктердің алуы, түргештердің батысқа қарай шегінуі, кенгерестермен (печенегтер) қақтығысу. Сұлық (Сұлу)-қаған. Арабтармен соғыс, Сұлық (Сұлу)-қағанның шығыстағы дипломатиялық жетістіктері. Оның өлімінен кейін қағанаттың әлсіреуі. «Қара» және «сары» түргештердің күресі. Түргеш қағанатының құлауы, түргештер «тухси» деген атаумен Қарлұқ мемлекетінің құрамында.

**Ұйғыр қағанаты.** VIIIғ. 40-жылдарының аяғында Орталық Азияда ұйғырлардың гегемондығының орнауы. Ұйғыр қағанатының Қытаймен, қарлұқтармен және басқа да түркі тайпаларымен қарым-қатынасы. Манихейлік – қағанаттың мемлекеттік діні. Ұйғырлардың шаруашылығы, тұрмысы, мәдениеті. 844 жылы Ұйғыр қағанатының қырғыздардың (хакастар) шабуылдарының нәтижесінде құлауы.

**Қарлұқ қағанаты.** Қарлұқтардың Алтайдан Жетісуға миграциясы. Қарлұқтар ұйғырлардың қол астында. Қарлұқтардың билеушісі – жабғу. Қарлұқтардың түргештерді бағындыруы, олардың билігінің Ферғанаға Шығыс Түркестанның бір бөлегіне таралуы. Ұйғырлармен, арабтармен соғыс. Қарлұқтар Қараханидтер мемлекетінің құрамында.

### **4. Оғыз және Қарахандар мемлекеті**

**Оғыз мемлекеті.** Оғыздардың (теле) шығуы. Оғыздар түрік қағанатының тарихында. VI ғ. Оғыздардың бір бөлігінің Жетісуға қоныс аударуы. Оғыздар Батыс Түрік және Түргеш қағанаттарының құрамында. VIII ғ. аяғында қарлұқтардың қысымымен Оғыздардың Сырдария өңіріне ығысуы. Печенегтермен соғыс. Оғыздар мемлекетінің құрылуы. Оғыз билеушісінің титулы – жабғу. Оғыздар туралы Ибн Фадлан, ал-Масуди, Рашид ад-дин, Махмуд Қашғаридің еңбектері. Қорқыт ата кітабы. Алихан Маликшах-хан

кезінде Оғыздар мемлекетінің күш-қуатының артуы. Хорезм, Салжұқтармен қақтығыс. Оғыз-салжұқтардың оңтүстік-батысқа, Оғыздардың бір бөлігінің (орыс жылнамаларында торки) оңтүстік-шығыс Еуропаға ығысуы. XI-XII ғғ. қыпшақтардың оғыздарды Сырдария өңірінен Арал маңына ығыстыруы.

**Қарахандар мемлекеті.** «Қарахандар» терминінің және қарахандар династиясының шығуы. Қарахандар мемлекеті – Қарлұқ қағанатының мұрагері. Жетісу және Шығыс Түркістандағы түркі тайпалары. Қарахандар және Хорезмшах мемлекеттері. Қарахандардың Саманидтер мемлекетін талқандауы, Орталық Азияны алу. Қарахандардың және Газневилердің қарым-қатынастары. Салжұқтардың Қарахандарды бағындыруы. Жетісуда қарақытайлардың пайда болуы, Қарахандардың мемлекеттілігін сақтай отырып, оларды бағындыруы.

Қарахандар мемлекеті көшпелі және отырықшы-егіншілік өркениеттері жүйесінде. Қарахандар династиясының исламды ресми дін ретінде қабылдауы. Әскери-ленндік жүйе. Мұсылман-түркі мәдениетінің гүлденуі. Қалалардың гүлденуі, Қарахандар дәуірінің архитектуралық ескерткіштері. Ғылым және поэзия. Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн, Абул-Фадл Байхаки.

## **5.Хазар және қимақ қағанаттары. Қыпшақ тайпаларының конфедерациясы**

**Хазар қағанаты.** Хазарлардың шығуы және этникалық тегі. «Хазар» этнонимі. Хазарлар Батыс Түрік қағанатының құрамында. Хазар мемлекетінің құрылуындағы Ашинаның – түркілерден шыққан патша тайпасының ролі. Хазар қағанатының территориясы. Билеуші топ. Қағанның жоғарғы билігі. Тұрақты армияның болуы. Түрік жазбасы сияқты, мемлекеттік тіл – түрік тілі. Араб-хазар соғыстары. Шаруашылығы: отырықшы-егіншілік. Егіншіліктің дамуы, әсіресе жүзім шаруашылығы, бау-бақша, атақты хазар қарбыздары. Дамыған балық аулау шаруашылығы. IX ғ. басында биліктің хазарларға көшуі, иудаизмді қабылдау, азамат соғысы, қағанның қасиетті тұлғаға айналуы, биліктің екі жақтылығы. Хазарлардың Византиямен, Киев Русьпен қарым-қатынастары. Халықаралық саудадағы Хазарияның ролі. Этнос пен мемлекеттің бірте-бірте жойлуы. Хазар қағанатының тарихи ролі. Хазартанудың қазіргі таңдағы жағдайы.

**Қимақ қағанаты.** Қимақтардың шығу тегі мен орналасу аймағы. Деректер бойынша IX-XI ғғ. қимақтар мемлекеті. Шаруашылығы, әлеуметтік-саяси жағдай.

**Қыпшақ тайпаларының конфедерациясы.** Қыпшақтардың шығу тегі мен орналасу аймағы. «Қыпшақ» этносы мен этнонимнің шығуы туралы С.Г. Кляшторный, П.Б. Голденнің болжамдары. Екінші Шығыс түрік қағанатындағы түріктер мен қыпшақтар. Қыпшақтар қимақ қағанатының құрамында. XI-XII ғғ. шамасындағы қыпшақ тайпалар конфедерациясының құрылуы. Қыпшақтар Қазақстан территориясында. Олардың шығыс және батыс болып бөлінуі. Қыпшақ мемлекеттілігі. Қыпшақтардың оңтүстікке экспансиясы. Сырдария бассейні мен Сырдария бойындағы қалаларды алу. Қыпшақтар және Хорезм. Хорезмшахтың мемлекеттік саясатындағы қыпшақтардың (қаңлы) ролі.

Қыпшақтар және Киев Русі. Қыпшақтардың шаруашылығы, әлеуметтік және ру-тайпалық құрылысы. Қазақ халқының этногенезіндегі қыпшақтар.

### **6.Түркі халықтары Моңғол империясының қол астында.**

**Орталық Азия моңғол шапқыншылығы қарсаңында.** XIII ғ. басындағы саяси және этникалық жағдайы. «Отырар апаты». Шыңғыс ханның хорезмшах Мұхаммедке қарсы жорығы. Хорезмшахтың жеңілуі. Шыңғыс ханның Хорезм мемлекетін және қыпшақ (қаңлы) иеліктерін жаулап алуы. Шыңғыс ханның моңғол империясын құруы. Оңтүстік-Шығыс Қазақстан және Дешті-Қыпшақ жері Шыңғысхан ұлдары ұлысының құрамында. Дешті-Қыпшақ – Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының ұлысы.

**Жошы ұлысының ұлғаюы және Алтын Орданың құрылуы.** Территориясы мен этникалық құрамы. Саяси құрылысы. Экономикасы және мәдениеті. Алтын Орданың астанасы – Сарай Батый-хан және оның мұрагерлері кезінде. Сарай ал-Жадид Өзбек хан (1312-1342), Жәнібек хан (1342-1357) кезінде. 1395-1396 жж. Алтын Ордадағы «саяси құлдырау мен аумағының ыдырау» кезеңі. Жошының баласы Тоқа-Темірдің ұрпағы – Тоқтамыс ханның билікке келуі. Ресейге үстемдік жүргізуді қайтадан қалпына келтіру. Алтын Орда және Темір мемлекеті. 1395-1396 жж. Алтын Орданы Темірдің талқандауы. Орыс ханның баласы Құйыршық ханның Алтын Орда тағына отыруы. Едіге бидің билігінің нығаюы. Алтын Орданың ыдырауының басталуы.

### **7.Алтын Орда мен Моғолстанның ыдырауы**

**Алтын Орда және Моғолстан территориясындағы этникалық процестер.** «Өзбек», «ноғайлы» және «моғол» суперэтностары. Шығыс Дешті Қыпшақтағы Тоқа-Темірдің ұрпағы Орыс ханның Ақ Орда хандығы – болашақтағы қазақ мемлекеттілігінің үлгісі ретінде. Моғолстан мемлекеті және Темір мен оның ұрпақтарының империясы. Темірдің Моғолстанға қарсы жорықтары. Алтын Орданың ыдырауы және этникалық негізде тәуелсіз мемлекеттердің: шайбанидтер әулетінен шыққан Әбілхайыр ханның «көшпелі өзбектер мемлекетінің», Қырым, Қазан, Астрахань, Қазақ, Сібір, Өзбек хандықтары мен Ноғай Ордасының құрылуы. Моғолстанның ыдырауы. Шығыс Түркістанда Моғолия мемлекетінің құрылуы. Татар, қырым-татарлары, қазақ, ноғай, карақалпақ, өзбек, қырғыз халықтарының қалыптасуы. Моғолия құрамындағы ұйғырлар.

### **8.Ежелгі және орта ғасырлардағы Түркияның тарихы (Осман империясы)**

Кіші Азияның көне және ежелгі тарихы. Хеттер мемлекеті. Б.з.д. XIII ғ. Кіші Азияда грек-ахейліктердің пайда болуы. Ежелгі мемлекеттер: Фригия, Кария, Лидия. Киммерлердің, скифтердің шабуылдары. Кельттер. Батыс және Орталық Анадолыны Рим империясының басып алуы. Византияда Шығыс Рим империясының құрылуы. Сасанидтік Иранды арабтардың талқандауы. Оңтүстік-шығыс Анадолыдағы арабтардың үстемдігі. VIII-X ғғ. Кіші Азияға

түркі тайпаларының енуі. Анадолы Салжұқтардың жаулап алу қарсаңында. Кіші Азияның көне және ежелгі тарихындағы этникалық процестер. Газневи сұлтанаты, оны салжұқтардың талқандауы. Ұлы Салжұқтар мемлекеті. Тоғырыл бек. Сұлтан Мәлік шах. Салжұқтардың Византиямен соғысы. Мауераннахрды, оғыз жерлерін жаулап алу, Хорезмді бағындыру. Ұлы сұлтан Санжар. Қараханидтерді бағындыру. Санжардың қарақытайлардан жеңілуі. Ұлы Салжұқтар мемлекетінің әлсіреуі және оның ыдырауы. Кіші Азиядағы Салжұқтар мемлекеті (1077-1299). Оның тарихындағы дамудың үш кезеңі. Крест жорықтары. Салжұқ сұлтанаты мен Данышмендид эмираты арасындағы күрес. Қылыш Арсланның жеңісі. «Рум сұлтанаты». Кіші Азияға моңғол шапқыншылығы. XIII-XV ғғ. Түркия. «Рум сұлтанаты» қуатының шырқау шегіне жеткен кезі. Сұлтан I Ала әд-дин Кей-Құбаданың (1219-1236) билігі. Закавказьені моңғолдардың жаулап алуы. 1243 жылы Кеседаг түбіндегі ұрыс. Салжұқтардың моңғолдарға вассалдық тәуелділігін мойындауы. Сұлтан Кейхұсырау өлгеннен кейін «Рум сұлтанатының» әлсіреуі. Сұлтанатты хұлагуидалардың бағындыруы. Салжұқтар династиясының түпкілікті жоқ етілуі (1307). Бейликтердің құрылуы. Осман бейликтігі. Осман-бей (1258-1324). Бейликтіктің Орхан-бей, I Мұрат, I Баязит кезінде күш-қуатының артуы. Темірмен соғыс, I Баязиттің жеңілуі. Аққойлы (Ақ-Қоюнлу) түрік тайпаларының конфедрациясы. Мехмед Фатих – Анадолыны біріктіруші. Мехмед III Фатих. Константинопольдің құлауы (29 мамыр 1453 ж.). Осман империясы.

### **9.Қырым, Қазан және Астрахань хандықтары**

Гирейлер әулеті басқарған Қырым хандығының құрылуы. Бірінші ханы Хаджи –Гирей ( 1466 г. қайтыс болды). Польша-Литва және Мәскеу мемлекеттерімен одақ. Менгли-Гирей. Қырымды Түркияның жаулап алу (1475 г.). Қырым хандығының сыртқы саясатының өзгеруі. Қырым татарларының Мәскеу мемлекеті, Литва-Польша және украин-орыс жерлеріне үнемі шабуыл ұйымдастыруы. Қырым ханы Мұхаммед Гирей I (Менгли Гирейдің үлкен ұлы). Қырым ханы Сахиб-Гирей. Олардың Осман империясының сюзеренитетін қабылдауы. Дәулет Қажы Гирейдің билеуі. Хандықтың территориясы. Қырым хандығы және Ресей. IV Иванның Қырым ханына вассалдық тәуелділігін мойындауы. Қырым хандығы және Ноғай Ордасы. Қырым хандығы және Қазан хандығы. XVIII ғ. Ресейдің Қырым хандығын өзіне қаратуы.

Алтын Орда ханы Ұлы Мұхаммед. Оның Қазан хандығының негізін салуы. II Василидің жеңілісі. Қазан хандығы мен Ресейдің арақатынасы. Қазан хандығы және Қырым хандығы. Қазан хандығы және Ноғай Ордасы. IV Иванның Қазан хандығын бағындыруы (2 қазан 1552 ж.). Қазан татарларының этногенезі.

Үлкен Ордадағы (Алтын Орда) Кіші-Мұхаммедтің билігі, Махмұт хан (1459 ж.). Ахмет ханның бүлігі. Махмұдтың Астрахань хандығының негізін салуы (1465 ж.). Мемлекеттің территориясы. Халқының этникалық құрамы.

Астрахань хандығының ноғайлармен, Қырым хандығымен, Ресеймен қарым-қатынастары. IV Иванның Астрахань хандығын жаулап алуы (1556 ж.).

### **10.XV-XX ғғ. Өзбектер**

Орта Азияға көшпелі өзбектердің шабуыл жасауы қарсаңындағы Темір мемлекеті. Өзбек хандығының құрылуы. «Өзбек» этнонимі. Мұхаммед Шайбани. Өзбектердің моғолдармен, қазақтар мен қызылбастармен соғыстары. Мұхаммед Шайбанидің өлімі. XVI-XVII ғғ. Өзбек мемлекеті. Бұхар және Хиуа хандықтары. II Абдаллах-ханның билеуі. Моғолдармен, қазақтармен, қырғыздармен қарым-қатынастары. XVII ғ. басында Өзбек хандығында шайбанилер династиясын жәнидтер (аштарханидтер) династиясының алмастыруы. 1753 жылы Өзбек хандығында (Бұхара әмірлігінде) маңғыттар династиясының орнауы. Парсыдағы Нәдір-шахпен соғыс. Шахмұрад-ханның (әмір) әкімшілік, әскери, сот жүйесіндегі реформалары. Ферғанада Қоқан-тәуелсіз хандығының құрылуы. Мингілер династиясы. XIX ғ. I жартысында Қоқан хандығының нығаюы. Ташкент, Ходжент, Қырғыздың біраз бөлігінің, Қазақстанның оңтүстік аудандарының қосылуы. Ресейдің Қоқанмен соғысуы, оның жеңілуі. 1876 жылы Қоқан хандығының Ресейге қосылуы. XVI ғ. басында Әбілхайыр ханның ұрпақтарының бірінің Хиуа хандығын құруы. Түрікмен, қарақалпақтарды бағындыру. 1817, 1839 жылдары Ресейдің Хиуаны бағындыру жолындағы әрекеттері. XVIII ғ. екінші жартысында Хиуада Қоңырат династиясының орнауы. Бұхара әмірлігінің және Хиуа хандығының Ресейге вассалдық тәуелділігі. 1920 жылы Бұхара және Хорезм халық республикаларының құрылуы. 1918 жылы «Түркістан (Қоқан) автономиясының» құрылуы. Түркістан АКСР-і. Өзбектер КСРО құрамында.

### **11.XV-XX ғғ. Қазақтар**

Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған кейбір Дешті Қыпшақ тайпаларының Батыс Моғолстанға көшуі. «Қазақ» деген терминнің шығуы, оның этимологиясы. Керейдің хан болып жариялануы, Қазақ хандығының құрылуы (1465 ж.). Қазақ хандары династиясының шығуы. Көшпелі өзбектердің ханы Әбілхайырдың өлімі. Қазақтардың ата жұртына оралуы. Хандықтың нығаюы. Бұрындық, Қасым, Хақ-Назар, Шығай, Тәуекел хандардың билігі. Қазақ жерлерінің этникалық шекарасының бекітілуі. Қазақ хандығының Өзбек хандығымен, Моғолстанмен, Моғолиямен, қырғыздармен, жоңғарлармен ара қатынасы. Қазақтар мен қазақ хандары туралы Фазлаллах ибн Рузбихан, Мирза Махмуд Хайдар, қадырғали бидің еңбектерінің маңызы. XVII-XVIII ғ. басындағы қазақ хандығы. Есім хан, Жәңгір хан, Тәуке ханның билеуі. Орбұлақ шайқасы – қазақ жауынгерлерінің теңдесі жоқ жеңісі. «Жеті жарғы». Қазақ-жоңғар және қазақ-ресей қарым-қатынастары. Феодалдық бытыраңқылықтың күшеюі. Жоңғар шапқыншылығы және оның зардаптары. Жүздердің – территориялық-саяси құрылымдардың пайда болуы. Қазақстанның Ресейге қосылуы. Қазіргі заман тұрғысынан бағалау. Қазақтар Ресей империясы мен КСРО құрамында.

## **12.XV – XX ғғ. Әзербайжандар**

Әзербайжанның Ұлы Салжұқтар мемлекетінің құрамына енуі. Әзербайжандағы Шируаншаһ, Кесрани, Ильдегиздер династиялары билеген мемлекет. Этникалық процестер, әзербайжан этносының қалыптасуындағы түркілік компоненттердің шешуші ролі. Шируаншаһтар, жалайырлар мемлекеті. Қарақойлы (Қара-Қоюнлу) және Аққойлы (Ақ-Қоюнлу) мемлекеттік құрылымдары. Сефевилер мемлекеті. Түрік-сефевилер соғыстары. Аббас шахтың реформалары. XVII-XVIII ғғ. Әзербайжан Сефевилер мемлекетінің құрамында. Әзербайжан халқының түрік-парсы үстемдігіне қарсы күресі. Әзербайжан иеліктері Ширван, Шемаханың ролі. 1724 ж. Закавказьені бөлу туралы Орыс-түрік келісімі. XVIII ғ. 30 жылдарындағы Иран мен Түркия арасындағы соғыстар. Әзербайжанның ұсақ иеліктері. Қазақ сұлтанаты. XVIII ғ. соңындағы орыс-иран соғыстары. XIX ғ. басында Гүлстан (1813), Түркменчай (1828) шарттарына сай Әзербайжанның Ресей құрамына кіруі. Әзербайжандар КСРО құрамында.

## **13.XV-XVII ғғ. Ноғай Ордасы**

Маңғыттардың Едіге ордасының құрылуы. Маңғыттар және көшпелі өзбектер. «Маңғыт», «ноғай» терминдерінің ара қатынасы. Ноғай Ордасы тәуелсіз саяси құрылым ретінде. Ноғайлардың орналасқан аймағы. Қазақ-ноғай қарым-қатынастары. Ноғай-қырым татарлары және астрахань қарым-қатынастары. Ших-Мамай би және Қырым ханы Мұхаммед Гирей. «Астрахань катастрофасы». Үлкен Ноғай Ордасы. Юсуф, Исмаил билігі, өзара қырқысулар. Алтыұл (Жем-Ойыл) ордасының құрылуы. Кіші Ноғай ордасы. Ормамбет би (1590-1597) туралы аңыздар. Халық жадындағы біртұтас қазақ пен ноғайдың бөліну қасіреті. Қалмақтар Жайық пен Еділде. Ноғайлардың Қырымға, Солтүстік Кавказға қоныс аударуы. Қазақтар мен ноғайлардың тарихи-генетикалық байланыстары.

## **14.XV-XX ғғ. қырғыздар мен ұйғырлар**

Моғолстан мен Моғолия қырғыздар мен ұйғырлардың саяси тарихының бастау алар нүктесі. Қырғыз этносының қалыптасуындағы моғол компонентінің ролі. Моғол-қазақ, моғол-қырғыз ара қатынастары. II Абдаллах және Моғолстан. 1680 жылы жоңғарлардың Жаркенді жаулап алуы. Накшбандардың сопылық ордені, Моғолиядағы оның белогорлық және черногорлық секталары. Моғолияның ішкі саяси өміріндегі қырғыздардың ролі. 1702 ж. Қонтайшы Цеван-Рабтанның (1697-1727) Шығыс Түркістанды жаулап алуы. Циндардың Жоңғар хандығын жойғаннан кейін, қазіргі Қытайдың Синьцзян провинциясы болып отырған - Шығыс Түркістанды жаулап алуы. ҚХР құрамындағы ұйғырлар. 1762-1821 жж. қырғыздарды зорлықпен Қоқан хандығына қосу. 1925 ж. РСФСР құрамында Қара-Қырғыз АО-ның құрылуы. Қырғыз КСР -і.



## **15. Жаңа тәуелсіз түркі мемлекеттері**

1991 жылы Кеңестер Одағының ыдырауы. 1918 ж. Актінің негізінде Әзербайжан Жоғарғы Кеңесінің мемлекеттің тәуелсіздігін қалпына келтіру туралы Декларацияны қабылдауы (30 тамыз 1991ж.). «Әзербайжан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық актінің қабылдануы (18 қазан 1991ж.).

1990 ж. 25 қазанда Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің мемлекеттік суверенитет туралы Декларацияны қабылдауы. 1991 ж. 16 желтоқсанда Жоғарғы Кеңестің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заңды қабылдауы.

Қырғызстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Республика суверенитеті туралы Декларацияны (15 желтоқсан 1990 ж.), Қырғызстанның тәуелсіздігі туралы Декларацияны (31 тамыз 1991 ж.) қабылдауы. 1993 жылы Жоғарғы Кеңестің сессиясында Қырғызстан Республикасының атын Қырғыз Республикасы деп өзгерту туралы шешімнің қабылдануы.

1990 жылы 22 тамызда Түрікмен ССР-і Жоғарғы Кеңесінің Республиканың мемлекеттік суверенитеті туралы Декларацияны қабылдауы. 1991 жылы 26 қазанда бүкіл халықтық референдум барысында республиканың тәуелсіздігі үшін сайлаушылардың 94%-нің дауыс беруі. 1991 ж. қараша айынан бастап мемлекеттің ресми атының Түрікменстан болып өзгеруі.

1990 ж. 20 маусымда Өзбек ССР-і Жоғарғы Кеңесінің Өзбек ССР-нің мемлекеттік суверенитеті туралы Декларацияны қабылдауы.

1991 ж. 31 тамызда Республиканың Жоғарғы заң шығарушы органының Өзбекстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы және жеке тәуелсіз мемлекет - Өзбекстан Республикасының құрылғаны туралы жариялауы.

1992 жылы осы республикалардың барлығының БҰҰ-на мүшелікке қабылдануы. Осы республикалардың әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы. Түркия жаңа және қазіргі заманда. Қазіргі түркі әлемі. Ресей Федерациясы құрамындағы түркі халықтары.

1993 жылы 12 шілдеде Алматы қаласында алты елдің арасында Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Түркіменстан елдерінің бастамасымен ТҮРКСОЙ (Түркі мәдениетін және өнерін дамыту халықаралық ұйымы) ұйымының құрылуы. С.Демирел атындағы Қазақ-Түрік университетінің құрылуы. 2006 жылы түркі тектес мемлекеттер басшыларының VIII Саммитінде Түркі Республикаларының одағын құру мәселесінің көтерілуі. «Мәдени мұра» бағдарламасы.

Қазіргі түркілік өркениеттің қайта өрлеуі. Әлемдік өркениеттегі түркі феноменінің мәні мен ерекшеліктері. Түркі өркениеті және Тәуелсіз Қазақстан. Астана қаласында Түркі академиясының құрылуы.

### **Семинар сабақтарының тақырыптық тізбесі:**

<b>№№</b>	<b>Тақырыптар</b>
1	Кіріспе. Прототүріктер: хунну (сюнну, гундар) тарихы.
2	Ерте ортағасырлық түркі мемлекеттері.
3	Екінші Шығыс түрік қағанаты

- 4 Оғыз және Қарахандар мемлекеті
- 5 Хазар және Қимақ қағанаттары. Қыпшақ тайпаларының конфедерациясы
- 6 Түркі халықтары Монғол империясының қол астында.
- 7 Алтын Орда мен Моғолстанның ыдырауы
- 8 Ежелгі және орта ғасырлардағы Түркияның тарихы .Осман империясы
- 9 Қырым, Қазан және Астрахань хандықтары.
- 10 XV-XX ғасырлардағы Өзбектер.
- 11 XV-XX ғасырлардағы Қазақтар.
- 12 XV-XX ғасырлардағы Әзірбайжандар.
- 13 XV-XVII ғасырлардағы Ноғай Ордасы.
- 14 XV-XX ғасырлардағы Қырғыздар мен ұйғырлар.
- 15 Жаңа тәуелсіз түркі мемлекеттері

**Студенттердің оқытушы жетекшілігімен жасайтын өзіндік жұмыстарының үлгі тақырыптары (СОӨЖ)**

1.	Әлем тарихындағы түркі тілдес халықтар тарихының орны мен рөліне сипаттама беру.
2.	Көне түркілердің шығу тарихы (деректерді талдау, тарихнамасы, қалыптасуы мен даму тарихы).
3.	Түркі халықтары моңғол шапқыншылығы қарсаңында. (Монғол империясының сыртқы саясаты мен басып алу жорықтары).
4.	Көне түркілердің материалдық және рухани мәдениетінің бастау көздері - мәдени мұра ескерткіштері негізінде талдау.
5.	Әлем тарихындағы түркі халықтарының жаңа және қазіргі кездегі даму ерекшелігі.
6.	Түркі халықтарының түп - тамыры және мәдениетінің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін ашып көрсету.
7.	Исламға дейінгі ежелгі түркі халықтарының мәдениеті, ежелгі діни наным – сенімдері, мәдени мұралары (V-IX ғғ.).
8.	Түрік қағанатының құрылуы. Қағанаттың қоғамдық құрылысы, басқару жүйесінің ерекшелігі мен даму тарихына тоқталу.
9.	Түркілердің далалық империясындағы саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуын талдау.
10.	Дүниежүзілік діндердің ортағасырлардағы түркілер мәдениетіне әсері. Діндердің шығуы мен таралуы, мәдени дамуға тигізген әсері.
11.	Ортағасырдағы көшпелі халықтар туралы еуропалық және алдыңғы азиялық жазба деректер – түп деректерді талдай отырып ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне тоқталу.
12.	Түркілер тарихындағы монғолдар дәуірінің қалыптасуы мен дамуы, қоғамдық құрылысы.
13.	Түркі тілдес халықтар тарихы (XX ғ. бірінші жартысында). Қоғамдық даму тарихының түркі тілдес халықтар тарихына тигізген әсерін

	сипаттау.
14.	Кеңестер Одағының құрамындағы түркі халықтарының тарихы және мәдениеті. 1917-1991 жж. аралығындағы саяси, экономикалық және мәдени даму тарихына тоқтала отырып, олардың даму ерекшеліктерін көрсету.
15.	XXI ғ. Түркі тілдес халықтар тарихы: қоғамдық құрылысы, саяси, экономикалық және мәдени дамуы.

### Студенттердің өзіндік жұмысының үлгі тақырыптары (СӨЖ)

1.	Ежелгі түркі мемлекетіне жаппай ислам дінінің енуі.
2.	Түркі халықтарының Кавказбен байланысы.
3.	Кіші Азиядағы селжүктер мемлекеті.
4.	Түркілер тарихындағы монғолдар дәуірі.
5.	Орталық Азия, Поволжье, Қырым жерлерінде түркі халықтарының пайда болуы.
6.	Алтын Орда және Шағатай ұлысы- Монғол империясының түркілік мұрагерлері және олардың Еуропа тарихындағы рөлі.
7.	Орталық Азиядағы көшпелі өзбектердің пайда болуы.
8.	Өзбек хандығындағы тайпалар мен халықтар – «қазақ» пен «өзбек» атауының арасындағы айырмашылық.
9.	Мұхаммед Шайбани тұлғасы және өзбектер. Шайбани державасының құрылуы.
10.	Қырғыздар, карақалпақтар, түркмендер этногенезы.
11.	Қырғыздар мен түркмендер қоғамының құрылысы.
12.	Қоқан және Хиуа хандықтары және олардың Орталық Азия халықтарының тарихындағы рөлі.
13.	Түркі тілдес халықтардың Ресеймен XIII-XIX ғғ.аралығындағы қарым-қатынасы. Ресейдегі татарлар, «татар» атауының шығуы, олардың этногенезі.
14.	Татарлар мемлекеті: Қазан, Қырым хандықтары.
15.	Орталық Азияны Ресейдің отарлауы, саяси, экономикалық және саяси үрдістер.

### Аралық бақылау сұрақтары

1. «Түрік» этносы және этнонимі.
2. Прототүріктер: Хунну тарихы (сюнну, ғұндар).
3. Хунндар туралы алғашқы тарихи мағлұматтар.
4. Хунндар және Қытай династиясы Хань.
5. Хунндардың қоғамдық-саяси құрылысы, шаруашылығы және мәдениеті, діні, әскери ісі және өнері.
6. Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттік құрылымдар: Қаңлылар, үйсіндер.
7. Ғұндар Еуропада.
8. 451 жылғы Каталаун даласындағы «халықтар шайқасы».

9. Ерте орта ғасырлық түркі мемлекеттері.
10. Түрік қағанаты тарихы.
11. Батыс түрік қағанаты тарихы.
12. Ұлы Бұлғария, «Он оқ бұдун», Хазар қағанаты.
13. Дулу және нушиби тайпалық одақтарының арасындағы билік үшін күрес.
14. Батыс түрік қағанатының мемлекеттік құрылысы.
15. Түрік жазба ескерткіштері. Олардың зерттелу дәрежесі.
16. Екінші Шығыс түрік қағанаты тарихы.
17. Түргеш қағанаты тарихы.
18. Ұйғыр қағанаты саяси тарихы.
19. Қарлұқ қағанаты тарихы.
20. Оғыз мемлекеті тарихы.
21. Оғыздар туралы Ибн Фадлан, ал-Масуди, Рашид ад-дин, Махмуд Қашғаридің еңбектері.
22. Қарахандар мемлекетінің тарихы.
23. Қарахан дәуірінің архитектуралық ескерткіштері.
24. Қарахан дәуіріндегі ғылым және поэзия. Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұн, Абул-Фадл Байхаки.
25. Хазар қағанаты. Хазарлардың шығуы және этникалық тегі.
26. Қимақ қағанаты. Қимақтардың шығу тегі мен орналасу аймағы.
27. Қыпшақ тайпаларының конфедерациясы. Қыпшақтардың шығу тегі мен орналасу аймағы.
28. Қыпшақтар және Хорезм.
29. Қыпшақтар және Киев Русі.
30. Қыпшақтардың шаруашылығы, әлеуметтік және ру-тайпалық құрылысы. Қазақ халқының этногенезіндегі қыпшақтар.
31. Түркі халықтары Моңғол империясының қол астында.
32. Жошы ұлысының ұлғаюы және Алтын Орданың құрылуы.
33. Алтын Орда және Моғолстан территориясындағы этникалық процестер.
34. Ежелгі және орта ғасырлардағы Түркияның тарихы (Осман империясы)
35. Гирей әулеті басқарған Қырым хандығы.
36. Алтын Орда ханы Ұлы Мұхаммедтің Қазан хандығы.
37. Астрахань хандығының тарихы.
38. XV-XX ғғ. өзбектер тарихы.
39. XV-XX ғғ. қазақ халқының тарихы.
40. XV – XX ғғ. Әзербайжандар тарихы.
41. XV-XVII ғғ. Ноғай Ордасы тарихы.
42. XV-XX ғғ. қырғыздар мен ұйғырлар тарихы.
43. Жаңа тәуелсіз түркі мемлекеттері.
44. Әлемдік өркениеттегі түркі феноменінің мәні мен ерекшеліктері.

### **Реферат жұмыстарының үлгі тақырыптары**

1. Ғұндар-түркілердің ежелгі ата бабалары. Орталық Азиядағы алғашқы көшпелі

тайпалар.

2. Ғұндар тайпалық одағының құрылуы.
3. Ғұндардың антропологиялық бет- бейнесі мен тілі.
4. Түркілердің этно-социогенезіндегі ғұндардың орны. Ғұндар мемлекетінің күшеюі.
5. Әлем тарихындағы түркі халықтарының жаңа және қазіргі кезеңдегі даму ерекшелігі.
8. Түркі тілдес халықтар туралы қазіргі ғылыми зерттеулер.
9. Кеңестер Одағының құрамындағы түркі халықтарының тарихы және мәдениеті.
10. Түркілер тарихындағы монғолдар дәуірі.
11. Дүниежүзілік діндердің орта ғасырлардағы түркілер мәдениетіне әсері.
12. Чжи-чжидің тарихи бейнесі.
13. Атилланың тарихи бейнесі.
14. Ғұндардың тарихи-мәдени ескерткіштері.
15. Мұстафа Кемал Ататүріктің тарихи бейнесі.
16. Ататүрік үкіметінің реформалары.
17. «Орталық Азия мемлекеттерінің одағын» құру идеясы.
18. Қазіргі кезеңдегі түркі халықтарының қарым-қатынастары.
19. Түркілердің мәдени мұралары.
20. Қазіргі түркілік өркениеттің қайта өрлеуі.
21. Қазіргі кезеңдегі қазақ-түрік мәдени қарым-қатынастары.
22. Қазіргі кезеңдегі қазақ-әзірбайжан мәдени қарым-қатынастары.
23. Қазіргі кезеңдегі қазақ-татар мәдени қарым-қатынастары.
24. Ресей құрамындағы түркі халықтары.
24. Түркілер өркениеті.
25. Әлемдік өркениеттегі түркі феноменінің мәні мен ерекшеліктері.

## Әдебиеттер

### Негізгі әдебиеттер:

1. Абусейтова М.Х. и др. История Казахстана и Центральной Азии. - Алматы, 2001.
2. Аманжолов К., Рахметов К. Түркі халықтарының тарихы. I-II кітап. - Алматы, 1996-1997.
3. Бартольд В.В. Тюрки. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Издательство: Жалын. - 1998
4. Қазақстан тарихы. (Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін). Бес томдық. - Алматы, Атамұра, 1996-2010.
5. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И., Трепавлов В.В. Тюркологический сборник 2005. - 366 стр.
6. Тюркские народы России и Великой Степи. Восточная литература, 2006.

### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Агаджанов С.Г. Государство сельджуков и Средняя Азия в XI-XII вв. -М., 1991.
2. Аджи М. Европа. Тюрки. Великая Степь. – М., «Мысль», 1998. – 334 с.:
3. Ал-Масуди. Золотые копи и россыпи самоцветов. -М., 2002.
4. Артамонов М.И. История хазар. 2-е изд.- СПб.: Филологический ф-т -СПбГУ, 2002.
5. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана.- Алматы, 1995.
- 6.Байхаки. История Масуда (1030-1041). -М., 1969.
- 7.Бичурин Н.Я (Иакинф). Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. В трех томах, -Алматы, 1998-1999.
10. Ганиев Р.Т. Восточно-тюркское государство в VII-VIII вв. – Екатеринбург. Издательство Уральского университета., 2006-с.152.
- 11.Геродот. История. В 9 томах. -М., 1999.
- 12.Гордлевский В.А. Государства Сельджуков Малой Азии. -Л., 1941.
- 13.Греков Б.Д., Якубовский А.К. Золотая Орда и ее падение. -М.-Л., 1941.
- 14.Гумилев Л.Н. Хунну. -М., 1960.
- 15.Гумилев Л.Н. Древние тюрки.- М., 1967.
- 16.Гумилев Л.Н.Древняя Русь и Великая степь. -М., 1992.
17. Досымбаева А. История тюркских народов. Традиционное мировоззрение тюрков.- Астана. Service Press, 2013. - 254 с.
18. Ежелгі үйсін елі. -Үрімжі. 2005.
19. Еремеев Д.Е., Мейер М.С. История Турции в средние века и новое время.- М., 1992.
20. Еремеев Д.Е. Происхождение юрюков и туркмен Турции и основные этапы их истории.- М.-Л., 1963.
21. Еремеев Д.Е. Этногенез турков. -М., 1982.
13. Жугенбаева Г.С. Дәстүрлі ауызша тарих. -Алматы,2009.-300 б.
- 23.Ирмуханов Б.Б.Прошлое Казахстана в письменных источниках V в. до н.э. - XV в.н.э. Алматы, 1998.
24. Ирмуханов Б.Б. Хазары и казахи. -Алматы, 2003.
- 25.Ирмуханов Б.Б. История Казахстана: опыт теоретико-методологического исследования. -Алматы, 2004.
26. Ирмуханов Б.Б. Усунь и этногенез казахского народа. -Алматы, 2006. 27. 27.
- 27.История Казахстана в арабских источниках. Том I. -Алматы, 2005.
- 28.История Казахстана в русских источниках. I-X тома.- Алматы, 2005.
- 30.История Азербайджана. -Баку, 1973.
- 31.История Киргизской ССР. -Фрунзе, 1984.
- 32.История Татарской АССР. -Казань, 1980.
- 33.История Узбекской ССР. -Ташкент, 1974.
34. Ирмуханов Б.Б. Древняя история Казахстана. -Алматы, 1998.
35. История Казахстана. (С древнейших времен до наших дней). В 5-ти томах. - Алматы, Атамұра, 1996-2007.

36. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. -Алма-Ата, 1992,
37. Кестлер А.Тринадцатое колено. Крушение империи хазар и ее наследие. Пер. с англ. Кабалкина А. Ю. - СПб.: Издательская группа «Евразия», 2001. - 320 с.
38. Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам.-Алма-Ата, 1972.
39. Кочекаев А.Б. Ногайско-русские отношения в XV-XVIII вв. -Алма-Ата, 1988.
40. Қазақтар туралы түркі деректемелері. I-II том. -Алматы, 2005.
41. Қазақтар туралы қытай деректемелері, I том. -Алматы, 2005.
42. Қазақтар туралы моңғол деректемелері. I том. -Алматы, 2005.
43. Мурад Аджи. Кипчаки. Древняя история тюрков и Великой Степи, – М., ОАО «Типография «Новости», 1999. – 175 с.: ил.
44. Махмуд ал-Кашгари. Диван лугат ат-турк. Перевод с арабского З.-А. Ауэзовой. -Алматы, 2005.
45. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. III томдық. Қазақшаға аударған Асқар Егеубай. -Алматы, 1997-1998.
46. Масанов Н.Э. и др. История Казахстана. Народы и культуры. - Алматы, 2001.
47. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII вв. -Алматы, 1969.
48. Материалы по истории киргизов и Киргизии. -М., 1973.
46. Материалы по истории Средней и Центральной Азии X-XIX вв.-Ташкент, 1988.
47. Материалы по истории туркмен и Туркменистана. Том I. VII-XV вв. М.,1939.
48. Мирза Мухаммад Хайдар. Тарих- Рашиди. -Ташкент, 1996.
49. Назарбаев Н.А. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. -296 б.
50. Плетнева С.А. Хазары. -М., 1986.
51. Плетнева С.А. Половцы. -М., 1990.
52. Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома Рубрука.-Алматы, 1993.
53. Рахманалиев Р. Империя тюрков. Великая цивилизация. Тюркские народы в мировой истории с X в. до н.э. по XX в. н.э.- М.: РИПОЛ классик, 2009. - 704 с.
54. Рашид ад-дин. Сборник летописей. В трех томах. -М., 2002.
55. Садыков Т., Абдрахманов Х. Түркі әлемі. -Алматы, 1995.
56. Тюркская цивилизация и суверенный Казахстан. В 2 томах. -Астана, 2011.
57. Тамерлан. Эпоха. Личность. Деяния. -М., 1992.
58. Государственная программа «Культурное наследие». Серия «История Казахстана в арабских источниках» том.1. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды(извлечение из арабских сочинений, собранные В.Г.Тизенгаузенем). Переработанное и дополненное издание.- А., 2005. 711 с.
59. Тильман Нагель. Тимур-завоеватель. -Ростов на Дону. 1997.
60. Трепавлов В.В. История Ногайской орды. -М., 2002.
61. Шах Махмуд Чурас. Хроника. -М., 1976.

62. Файзрахманов Г.Л. Древние тюрки в Сибири и Центральной Азии. -Казань. Мастер Лайн. 2000.-188с.

**Интернет көздері:**

1. Turkportal.ru - свободный образовательный ресурс . <http://turkportal.ru/>
2. <http://tatarica.narod.ru/history/tarih/ishaki.htm>
3. <http://altayim.narod.ru/turki.htm>
4. Web-site [www.turkacadem.kz](http://www.turkacadem.kz)
5. <http://turk-media.info/?tag>
6. <http://real-alania.narod.ru/index.html>
7. [turkportal.ru](http://turkportal.ru)
8. [otherreferats.allbest.ru/history...](http://otherreferats.allbest.ru/history...)
9. [vk.com/club33936357](https://vk.com/club33936357) копия
10. [refdb.ru/look/2980437.html](http://refdb.ru/look/2980437.html)
11. [kazakhstanhistory.ru/post24.php](http://kazakhstanhistory.ru/post24.php)
12. [karachays.com/publ/61-1-0-206](http://karachays.com/publ/61-1-0-206)
13. [nosmi.ru/world/20130113/...](http://nosmi.ru/world/20130113/...)
14. [moy-bereg.ru/kultura-narodov/...](http://moy-bereg.ru/kultura-narodov/...)
15. [triumphbook.ru/istoriya/istoriya...](http://triumphbook.ru/istoriya/istoriya...)
16. [rustyrks.ru/tyurki-kto-eto/...](http://rustyrks.ru/tyurki-kto-eto/...)
17. [mirknig.com/knigi/history/...](http://mirknig.com/knigi/history/...)
18. [gdzna5.ru/abstracts/istoriya/0-...](http://gdzna5.ru/abstracts/istoriya/0-...)
19. [tatar-history.narod.ru/simbioz.htm](http://tatar-history.narod.ru/simbioz.htm)
20. [gumilev-center.ru/l-gumilev-...](http://gumilev-center.ru/l-gumilev-...)
21. [megamozg.kz/index.php?id=257&...](http://megamozg.kz/index.php?id=257&...)
22. [eferats.allbest.ru/history/...](http://eferats.allbest.ru/history/...)
23. [dic.academic.ru](http://dic.academic.ru) > Википедия
24. [my.mail.ru/community/mosnjo/535D...](http://my.mail.ru/community/mosnjo/535D...)
25. [works.doklad.ru/view/HLraQHJe1IE...](http://works.doklad.ru/view/HLraQHJe1IE...)
26. [skolo.ru/191-slovat-gotsko-...](http://skolo.ru/191-slovat-gotsko-...)
27. [buday.narod.ru/g12.htm](http://buday.narod.ru/g12.htm)
28. [allbest.ru/o-3c0a65635b2bc68a4c...](http://allbest.ru/o-3c0a65635b2bc68a4c...)
29. [bookcity.kz](http://bookcity.kz) >

**Авторлары:**

Тулекова М.К. – т.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ  
Жұмағұлов Б.С. - т.ғ.к., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ